

- 8 Kamalatdinova D. M., Kabulova L. T. Anglicisms in Youth Slang // Educational Research in Universal Sciences. – 2023. – Vol. 2, No. 4 SPECIAL. – Pp. 756–762.
- 9 Nabidullin A. S., Ordabayev Ch. K. The Influence of English Borrowings on the Culture and Speech of Kazakhstani Youth // Bulletin of Abai KazNPU. Series: Philological Sciences. – 2021. – Vol. 2, No. 76. – Pp. 29–37. – DOI: 10.51889/2021-2.1728-7804.04.
- 10 Vishnevsky Yu. P. Sociolinguistics and Youth Culture: Lexical Innovations. – M.: RSUH, 2019. – 300 p.
- 11 Spahiu I., & Nuredini, Z. Lexical Borrowings and Adaptations of Anglicism // The International Journal of Applied Language Studies and Culture. - 2021. -Vol. 6, №1. – P.13-16. - DOI: <https://doi.org/10.34301/ALSC.V6I1.39>
- 12 Gavrilova M. A. Artificial intelligence technologies in language teaching / M. A. Gavrilova. – Almaty: Science, 2020. – 240 p.
- 13 Savchenko T.V., Novikov O.A. Problems and prospects for using AI in teaching the Russian language at universities in Kazakhstan. – Almaty: Almaty University, 2023. – 256 p.
- 14 Hilmisdóttir H, Huhtamäki M. & Karlsson S. Pragmatic borrowing from English // Nordic Journal of Linguistics. - 2023. -Vol. 46, № 3. – P. 255 – 256. – DOI: <https://doi.org/10.1017/S0332586523000185>
- 15 Evans P. Lexical Borrowing and Cultural Identity // International Journal of Linguistics. – 2025. - Vol.6, № 3. - P. 39 - 52, DOI: <https://doi.org/10.47604/ijl.3290>

Received: 28.12.2025

FTAMP16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp83-96](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp83-96)

О.А. Жумагулова¹, Н.К. Смагулова¹, Г.С. Бөкен¹, *Г.Т. Глеубердина¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ТАНЫЛАТЫН «БІЛІМ» КОНЦЕПТІСІНІҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Бұл мақалада «Білім» концептісінің лингвокогнитивтік тұрғыдан саралануы қарастырылады. Зерттеу М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің әңгімелерінде «білім» тілдік бірлігінің көркемдік-когнитивтік өрісін анықтауды көздейді. Мақалада «білім» концептісін фрейм, сцена және сценарийлер арқылы ментальдық модель ретінде сипаттауға қадам жасалады. Әдеби мәтіндерде білім тек таным көзі емес, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздікке қарсы құрал түрінде көрініс табады. Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесінде сауаттылыққа ұмтылыс – әлеуметтік құқықтық тұрғыда қорғаныш сипатында бейнеленсе, М.Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесінде оқыған адамның бейнесі арқылы моральдық қасиеттермен көрініс табады. Қаламгерлердің шығармаларындағы «білім» концептісін лингвокогнитивтік талдау барысында оның контрастілі сипаттағы концепт екені анықталып, білімді адам әрі әділетті, әрі қатыгез болуы арқылы қарама-қайшылық позициясын танытатындығы айқындалды. Фреймдік талдау арқылы оқиганың қатысушылары, олардың рөлі, әрекеттері нақты көрініс табады. Концепт тілдік, мәдени, әлеуметтік мазмұнмен тығыз байланыста зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде білімнің ұлттық танымдағы орны мен көркем әдебиеттегі көрінісі тереңірек айқындалады.

Кілт сөздер: Білім, концепті, лингвокогнитивтік талдау, әдеби мәтін, көркем репрезентация, ұлттық дүниетаным, мәдени құндылықтар, фрейм, сцена, сценарий.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов прозасы қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы дамуының бір арнасы болып саналады. Қаламгерлердің прозалық туындылары ұлт руханиятында, мәдениетінде, тарихында үлкен орын алады. Қазақ қоғамының бейнесін, болмыс-бітімін танытып, ұрпаққа мол тағылым беретін туындылары бүгінгі әдебиеттану және тіл білімі саласында жан-жақты зерттелуде. Бүгінгі ғылыми кеңістікте барлық зерттеулердің адамға бейімделуі, адам арқылы танылуы ғылыми көзқарастардың интеграциялану үдерісі жүріп жатыр. Осы тұрғыдан қаламгерлер прозасын когнитивтік талдау нысанына айналдыру өзекті болып табылады.

Ұлттық менталитет, мәдени құндылық, этникалық ерекшеліктер қазақ тілші ғалымдары тарапынан жүйелі түрде сараланып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына көрініс тауып келеді. Профессор Ғ.Қалиев когнитивтік лингвистиканы (лат.cognitio білім, түсінік) – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейді, тіл білімінің саласы ретінде қарастырады. Сондай-ақ когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарына ойлау, білім, концептуализациялау, концептуалды жүйе, когниция, когнитивтік база, ментальды репрезентация, когнитивтік модель, категоризация, вербализация, ментальдылық, мәдени константтар, концепт, дүниенің тілдік бейнесі, концептосфера, ұлттық мәдени кеңістікті жатқызады [1, 6]. Ғалымның пікірі антропоэлектік бағытқа негізделген когнитивтік лингвистика ғылымының зерделейтін аспектілерінің көпдеңгейлі құбылыс екендігін айқындайды.

КІРІСПЕ

Когнитивтік құрылымда қарастырылатын басты мәселе – концепт. Қазіргі тіл білімінде аталған термин ғылыми ортада түрлі көзқарастардың пайда болуына себепкер болды. Сондықтан тілдік бірлікті ғалымдар саралауда түрлі ұстанымдарды басшылыққа алады.

Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған А.Ислам концептіні ұлттық дүниетанымның ықшам да терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік деп тұжырымдайды. Ғалым әр ұлттық концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары деп бағалай отыра, концептілер бір-бірімен тығыз байланысты болатынын тілге тиек етеді. Халықтық танымында концептілерді танудағы әрқырлылық көрініс тапқанымен, оның дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа тарала беретін құбылыс ретінде сипатталады [2, 12]. Сонымен қатар зерттеуші М.Жавлиев концептіні логикалық құбылыс ретінде қарастырып, тілі білімі мен ойлау ғылымының тоғысуының нәтижесінде қалыптасқан концептіні «жағдай», «үдеріс», «себеп» сияқты сөздердің орнына жұмсалатын бірлік деп таниды [3, 16]. Демек, концепті тіл білімі, әдебиеттану, психолингвистика, логика салаларының басын тоғыстырады.

Егер мәдениет иелері кез-келген феноменді «оң» не «теріс» деп бағаласа, онда ол феномен осы мәдениетте концептіні қалыптастырады. Ал концепт құндылықты бағалаушы мәнге ие болады.

Ғалым Л.И.Гришаеваның пікірінше, кең мағынада концепт құрылымын шеңбер ретінде елестетуге болады, оның орталығында негізгі ұғым концепт ядросы болады да, ал перифериясында мәдениет, дәстүр, халықтық пен жекелік тәжірибе арқылы танылған құндылықтар болады. Ядро – осы не өзге лексеманың сөздіктегі лексикалық мағыналары болса, периферия – субъективті тәжірибе, коннотациялар, ассоциациялар, лексеманы құрайтын түрлі прагматикалық құрамдастары болып табылатынын атап өтеді [4, 67].

Концепт – күрделі және көп қырлы құрылым. Ғылыми кеңістікте концептінің бейнелілік, ұғымдық, бағалаушылық деген үш қыры танылады.

Бүгінгі таңда білімнің ассоциациялық қыры оқушы, білім алушы, мұғалім, оқытушы, мектеп, колледж, универсиет ретінде бейнеленеді. Келесі сатысы «Қазақ тілінің түсіндірмелі

сөздігінде» білім сөзінің ұғымдық мағынасы: Білім зат. 1. Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік. 2. Ақыл, парасат, ой өріс», – деп көрсетіледі. Үшінші сатысы білім құнды ма әлде құнсыз ба деген сұрақтың шешіміне әкеледі.

Білім адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, пайымдарының жиынтығы, сонымен қатар оқу, үйрену арқылы алынатын түсінік-таным, белгілі бір мамандыққа қатысты ұғымы, алдына қойған мақсатын жүзеге асыру жолдары мен әдіс-тәсілдерінің жиыны болып табылады. Қазақ әдебиетінің тарихында білім тақырыбы кемелділік, адамның жан-жақты дамуын танытатын өзекті идея ретінде ғасырлар бойы жазылып, айтылып келді. Әр қоғам білім және білімді адамнан өз мүмкіндігін танытудың әрқилы жолдарын ұсынды. Адам баласының адами кескін-келбеті, болмысы әр қырынан сомдалды, ашылды.

Осы тұрғыдан келгенде, ұсынылып отырған мақалада қазақ қаламгерлері М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов прозасында «білім» концептісі рухани құндылық ретінде талдау нысанына алынды. Қаламгерлер әңгімелеріндегі білім концептісінің бағалауыштық қырына баса назар аударылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазіргі таңда антропоөзектік бағыт аясында тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын зерттеулер жеткіліксіздігінен тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен ойдың, тіл мен сананың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның бірлігінде зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Жалпы тіл білімінде «концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С.Лихачев, П.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева, А.Я.Гуревич, Ю.Н.Караулов, В.А.Маслова, А.П.Бабушкин, М.Копыленко, А. Вежбицкая, ал қазақ ғылымында когнитивистика жайында көзқарас білдіргендер Ә.Қайдар, Е. Жанпейісов, Р.Сыздықова, Ж.Манкеева, М.Күштаева, А.Смайлов, М.Абдрахманова, Ж.Жанпейісова, Ж.Қошанова, А.Байғұтова, Б.Момынованың еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырылды [5, 21-24]. Зерттеушілер концептіні жан-жақты қарастырып, оның мәнін, құрылымын, қызметін, мәдени және тілдік ерекшеліктерін ашуды көздейді.

М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің әңгімелері ұлттық мәдениеттің, болмыстың танымдық көрінісі болғандықтан, қаламгерлердің шығармаларындағы «білім» концептісін талдау лингвокогнитологиядағы концепт жайлы ғылыми ізденісті кеңейтіп, сол замандағы халықтың танымын айқындайды.

Зерттеуде қаламгерлердің прозалық шығармаларындағы білім концептісін ассоциациялық-интерпретациялық талдау, концептуалдық талдау, салыстырмалы, салғастырмалы, тарихи, жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау, матеиал жинау, сұрыптау, когнитивтік, лингвомәдени, тұжырымдау, статистикалық талдау әдістері негізінде жазушылар танымындағы білімнің маңызы анықталады. Қаламгер шығармаларындағы білім концептісі қоғам, заман шарттарымен тығыз байланыста қарастырылады. Қазіргі тіл білімінде уақыт, бақыт, тағдыр, жалғыздық, туған жер, байлық пен кедейлік, ақыл, сенім концептілері қарастырылып, зерттеу нысанына алынды. Дегенмен, білім концептісі бүгінгі күні жан-жақты қарастырылмағанын байқалады.

Зерттеу мақаланың негізінде білім концептісі прозалық шығармалар арқылы анықталып, концептуалдық талдау нәтижесінде сол кезеңдегі білім ықпалы, қоғам тынысы айқындалды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ғалым И.А.Стерниннің пікірінше, бүгінгі тіл білімінде репрезентация термині кең қолданылатыны байқалады және концептілік өрісті анықтау үшін маңыздылығымен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан келгенде, зерттеушілер ментальдық репрезентациялануды когнитивтік ғылымның негізгі ұғымы ретінде саралайды және адам санасында өтетін

«жағдайдың» көрінісі ретінде бағалайды. Сонымен қатар концептілер адам миында кодталып, санада бейне, сурет, схема түрінде қалыптасатынына көз жеткізеді [6, 44-51].

Тілдік тұлғаның тәжірибесін ұйымдастыру тәсіліне концептілермен қатар ділдік (когнитивті деңгейде сцена, сценарий, фрейм) модельдер басым түседі. Фреймдер стереотипті ситуацияларды: әрекет ету тәртібін, дағдысын, тілдік қолданысы анықталған схемасын білдіру үшін қолданылады. Сцена, сценарий, фрейм ұғымдары өзара тығыз байланысты. Белгілі бір жағдаят біздің санамызда көркем бейне түрінде көрініс табады. Бұдан оқиға төңірегіндегілердің міндеттерін, рөлдерін, өзара қатынастарын байқауға болады. Осы анықталған бөлшектердің жиынтығы сценаны құрайды. Сценалар бірінен кейін бірі жүзеге асады, анықталған сценарий бойынша дамиды.

Сценарий – сана құрылымының бір түрі. М.Минскийдің пікірінше, сценарий мәтін интерпретциясы нәтижесінде шығарылады, мәтін идеясы мен тірек сөздері терминалды элементтерге телінген стандартты, таптаурын мән-мағыналар негізінде жадыдан шығарып алынатын тақырыптық («сценалық») құрылым түзеді. Концепт қалыптастырудағы оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінде оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады. Даму мен қозғалыстан тұратын бірнеше оқиғалардың (эпизодтардың) тізбегі, уақыт пен кеңістікте таралатын кезеңдер мен оқиғалар ауысымының көріністері, бөлінбейтін бөлшектер ретінде танылады [7, 75].

Нақты деректерге тоқталатын болсақ, Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесінде: *«Әйтілес аппақ, ақ қарбас, соқыр қарт етектей сақалын балуан бармақтарымен салалай тарап отырар еді (қатысушы). Күмістен құйғандай тұп-тұтас ақ сақалы кеудесін жауып:*

- Оқыңдар шулап! Ақ-қ, тфу!.. (молда) – деп, есіктен асыра түкіріп жібергенде, босағада отырған балалар селк етіп:

- Ағузе...Бесмелла, рәсіре.. рәсіри... рәтүрө...рәтүрө!..- деп қоя берер едік... (балалар)

*...Біз көгенденген қозыға ұқсап, мұрынды тарта түсіп, Әйтілес үйінде, надан молдадан надандық оқып отырмыз. Келешекте құлдықтан бас тартпай, «оң жағыңа ұрса, сол жағыңды тосатын» кеңе адамдар әзірленіп жатырмыз» [8, 18]. Бұл үзіндіден молдадан сауат ашып отырған шәкірттер бейнесі көрінеді. Молдадан сауат ашу үшін балалар тек күз, қыс айларында, жылына төрт немесе алты ай ғана оқыған болатын. Оқу мерзімі – төрт жыл. Балалар оқуға жеті жастан қабылданған. Кейбір ауылдық жерлерде 7-9 жастағы балалар бірге оқи берген. Оқу жылы соңында емтихан тапсыру, мектеп бітіргені үшін балаға ресми куәлік беру тәртібі сақталмаған. Үзіндідегі *«босағада отырған балалар селк етіп», «көгенделген қозы», «надандық оқу», «кеңе адамдар әзірленіп жатырмыз»* деген тұстан білім алуға ұмтылыстан гөрі қорқыныш пен болашаққа деген сенімсіздік басым көрінеді. Сауатын ашқан адам басқадан бір саты жоғары тұратынын ескерсек бұл тұста қаламгер «оқыған адам» емес, «кеңе адам» әзірленіп жатқанын анық ұқтырады. Бұл жерде «Білім» концептісін молдадан сауат ашқан шәкірт көзқарасы толық таныта алмайтынын байқаймыз. Ал әңгімеде балалар оқып отырған үйдің иесі Әйтілестің сауат ашу, қара тану туралы ойы мына үзіндіден анық байқалады: *«Ертемен төрт бұрышы жемірілген ескі тоқым сияқты «Иман шартымды» қолтығыма қыстырып сабаққа келсем, балалар жиналмаған екен. Іркіт сабасындай іркілдеген молда мен саудагер Рамазанға соқыр Әйтілес ескі күндердің әңгімесін шертіп отыр (қатысушылар: молда, саудагер, Әйтілес, балалар).**

- Түстік. Айналасы алтыс қадам, үлкен қара мола екен. Маңдайында жазуы бар.

Қырқымыздың бірде-біріміз қара танымайды екеміз зой, жазуды айыра алмадық, - дейді.

- Соны ойлағанда балалардың оқығанын ішім ұнатып отырады. «Уезге шамасы келмесе де, болысқа арам бауыздатпаспа екен» деп ойлаймын да баяғы.. - деп Әйтілес қарт бір күрсініп:

*- Құрт берші балаларға! – дейді кемпіріне» [8, 20]. Бұл сценарийдің қатысушылары: молда, саудагер, Әйтілес, балалар. Сценарийдегі фреймдер: *иман шарты, сабаққа келу, балалар, молда, маңдайында жазуы бар, қара танымау, жазуды айыра алмау, балалардың оқуы. Ситуациядағы фреймдер фразеологиялық оралымдар арқылы өрбиді: қырықтың бірде-бірі қара танымау, іші ұнату, арам бауыздатпау, шамасы келмеу, әңгіме шерту, іркіт сабасындай іркілдеу...**

Сөз зергері оқу, білім алу арқылы ұрпақтың әлеуметтік теңсіздікке де қарсы тұра алатынын болжайтыны байқалады. Автор көркем концептінің мәнін одан әрі тереңдетіп, концепт мазмұнына «қорғаныш» құрылымдық бірлігін қосады. Әңгімеде көркем концептінің «қорғаныш» құрылымдық бірлігі «*Уезге шамасы келмесе де, болысқа арам бауыздатпасна екен*» деген ой арқылы ашылады. Әңгіме желісі «сауат ашу» ұғымын одан әрі ашып, «Білім» концептісінің құрамын күрделендіре түседі. Демек «Білім» концептісі молдадан сауат ашу, кара тану, құқықты қорғай білу сияқты фреймдердің қалыптасып кеңеюі негізінде жасалып отыр. Демек, *сауат ашу – кара тану – өз құқыған қорғай білу* деген тілдік бірліктер арқылы концепт мазмұны толығына түседі.

Фрейм білімді танытумен ғана шектелмей, сонымен бірге оны іс тәжірибесінде қолдана алуды да білдіретін ұғым ретінде танылады. Оқыту жүйесі фреймдер жүйесімен тығыз байланысты. Т.Ван-Дейктің пікірінше, фреймдер білімнің өздігінен бөлініп шығатын бөліктері емес, керісінше фреймдер концептілердің айналасында ұйымдасып, негізгі, маңызды, әлеуетті деректер беруімен құндылығы артады[9].

«Фрейм» теориясының негізін салушы ғалым Чарльз Филлмор фреймді белгілі бір жағдай, оқиға, құбылыс туралы біздің санамыздағы құрылымдалған ақпарат жүйесі деп сипаттайды. Әрі адамдар ақпаратты дәл сол фреймдердің көмегімен сұрыптап, түсінетіні белгілі деп сипаттайды. Мысалы, «сатып алу» фрейміне қатысатын «сатушы», «сатып алушы», «тауар», «ақша», «келісім» сияқты міндетті элементтер қатысады. Бұндай тәсіл тілдік бірліктердің мағынасын контексте жан-жақты ашуға мүмкіндік береді [10]. Осы орайда, ғалым И.Иванкевич: «The article is devoted to the problem of representation of different types of knowledge in cognitive linguistics. The author makes a special emphasis on the presentation of frame which is considered to be one of the cognitive structures of knowledge within the meaning of words [11, 77-81], – деп, фреймді сөз мағынасындағы білім құрылымдарының бірі ретінде танытады.

Яғни фрейм жағдаят үшін қажет білім қорын қамтамасыз етеді. Фрейм дүниені түсінудегі орны ерекше. Мысалы, «Оқу – білім бұлағы, білім - өмір шырағы» (оқу, білім концептері) фразасы оқу, білім алу нәтижесінде баянды өмір сүру фреймін танытады. Бұл фрейм келесі жағдаяттың қалыптасуына тірек болады: адам оқиды; алған білімі оның кемел өмір сүруіне жағдай жасады. Бұл жағдаят үш бөлікті қамтиды: адамның белгіленген нормаға сәйкес білім алуы; соған орай баянды өмірге деген өзіндік талпынысы; алынған нәтижеге көңілі толмауы. Яғни, әрбір фрейм бірнеше ақпаратпен байланысты: мәліметті қолдану туралы, одан кейін не күтуге болады, егер ол үміт ақталмаса не істеу керек деген мәселені М.Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесі негізінде қарастыру мақсат етілді. Қаламгердің әңгімесінде «*оқығандар*» деген ұғым көп кездеседі. Оқыған адам «Білім» концептісінің фреймі ретінде көрініс табады. Әңгіме сюжетіндегі қатысушылар: *Мейірхан, Мақсұт, Жұмағұл, Ақтай*. Сценарийдегі бірінші сцена Мақсұттың сырқаттанып, дүниеден өтуі эпизоды негізінде «Оқыған азаматтардың» бет-бейнесі толық ашылуы; екінші сцена ананың жалғыз ұлы Мақсұттың «Оқыған» достары ананы заң жүзінде «жеңіп» дүние-мүлкін тартып алуы; үшінші сцена «Оқыған азаматтар» жалғызынан айрылған ананың өліміне себепші болуы. Ана «Оқыған азаматтардың» құрбанына айналды, жемтігі болды. Адамгершілікті зұлымдық жеңді, туы жығылды. «Оқыған азаматтардың» бұл іс-әрекеті, қоғам үшін қауіпті құбылыс. Алдымен адамгершілікті ойлайтын «әлсіз» адамдарды олар «занды жолмен» жеңіп шығады. Заң да осы «оқыған азаматтардың» жағында. Бұндай «оқыған азаматтарға» әңгімеде қарсы шыққан – Мейірхан. Әңгімедегі Мейірхан бейнесі – турашыл, әділ бірақ ол шарасыз. Мейірхан арқылы жоғарыда атап өткен «Оқыған азамат» деңгейі көрініп, «білім» концептісінің өрісі танылады. Оның бойында әділдік, адалдық, турашылдық, мейірімділік, жанашырлық бар. Ол досы Мақсұттың артында қалған анасына көмектескісі келді. Бірақ шамасы келмеді. Мейірхан адамға білім арқылы келетін рухани құндылықтардың тірегі сияқты. Осы арқылы жазушы әділетсіз қоғам ішінде әділдікті ту етіп, озбыр ортада әлі де болса адамдықты жақтаған, шыншыл адамдар бар екенін көрсетеді. Әңгімеде Мейірханның толық мәндегі «оқыған азамат» екенін көрсететін «білім» концептісінің өрісіне *қызмет* (Бұл келе жатқан осы қалада қызметте тұрған оқыған

жгііттердің бірі Мейірхан еді), **жанашырлық** (Жгііттің пішініндегі томсарған кейісіне қарағанда, қабағы түксиген жүдеулікке қарағанда, бұл келген үйінде бір оқиға болғанға ұқсайды), **досқа адалдық** (Бүгін таңертеңнен сізді “әкеп бер” деген соң әдейі кісі жіберіп едік), **әділеттілік** (Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бақтың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны?! Қақаларсың әлі-ақ!..– деп салды).

Ұлттық танымда «оқыған азамат» парасаттылық пен мәдениеттіліктің ұштасуы, әділдіктің символы, елінің тірегі деп білеміз. Бірақ әңгіме сюжетінде оқығанның бәрі толыққанды, жақсы адам бола бермейтіндігі анық суреттеледі. Жұмағұлдың істеген әрекеттері ойымызға дәлел. Әңгімеде Жұмағұлдың тырнақшаның ішіндегі «Оқыған азамат» екенін танытатын іс-әрекеті көп кездеседі.

Жұмағұлдың оқығандық таныта алмауының бір шеті ата-анасынан алған тәрбиесіне келіп ұласады. «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» - деп шығыстың ғұламасы әл-Фараби нақылы ойға оралады. Әңгімеде Жұмағұлдың әкесінің: «-Е, алса алсын байдың қызын! Ол немені біз оқытқанда, «ылғи бізден шығын шығара бер, кемпір-шалдың қолындағы азын аулағын тауыса бер» деп оқытып па едік?!» «Мал тап, бізді асыра!»—деп оқытқанбыз. Осы күнге шейін қара тиын табыс тапқан жоқ. Енді қашан көмегі тиеді бізге? Бұдан былай мал таппаса, үйге де жолатпайық деп жүр едік. Соны естіген зой!» [12, 172], – деген пікірінен оның тәрбиесі танылады. Өкінішке орай, шығармадағы шарасыз жолдас, дүниеқоңыз дос, қайырсыз әйел, қорғансыз ана бүгінгі қоғам бейнесі.

Оқырманның көз алдына досының аруаған сатқан, дүние үшін бәріне дайын, қорғансыз ананы жылатқан, «оқыған азамат» бейнесін әкеледі.

Тілші А.Б.Әмірбекова концептілерді *эмоционалды концептілер, контраст концептілер, калейдоскоптық концептілер*[13], – деп үш жүйеге жіктейді.

Әңгіме желісіндегі «білім» концептісі контрасті концептілер жіктемесіне сәйкес келеді. Себебі образдар бойындағы алған білім, жеткен жетістік контраст концептілер арқылы шешімін табады.

Жұмағұлдың **қу адам** (Жаратылысында қу, сөзінде шынынан өтірігі көп Жұмағұл соңғы күндерде әңгімені Мақсұт жайынан айтпай, көбінесе өзі көріп жүрген жастық қызықтарын айтқыштай беретін болған. Мақсұт жайын кемпірмен гана сөйлеседі. Оған да “жақсы бала” болып көріне бастады), байлық үшін ештеден тайынбайтын **дүниеқұмар** (Кеңсе қызметкерін жаңылдырып, тез миландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сөйлеп, есебін тауып жүр. Ақыры, бұл кеңсе Қадидшаның арызын қарастырып, аяғында, Мақсұттан қалған дүние-мүліктің бәрін де: “Жас баласы – Жәмиләга ауысады, содан басқа ие жоқ, ол ержеткенше “опекун” Жұмағұл болады” деп бұйрық берді), **мейірімсіз** (Сол күні кешке кемпірдің дүниені бермеймін деген сөзін естіген Жұмағұл қолындағы бұйрық қағазды милицияға алып барып, содан үш солдат алып, Мақсұттың үйіндегі нәрселерді алуға кемпірдікіне келді).

Осылайша, фреймдер 1) дүние туралы білімімізді тұтас жүйелейді. Олар этикет пен мінез-құлық жүзеге асырылатын стереотиптік жағдайларды білдіру үшін ыңғайлы құрылымды камтамасыз етеді; 2) бұл фреймдер әлем туралы білім мен контекст туралы білімдерді көрсету мен қолданудың ең тиімді формалары болып табылады. Сөйлеу этикетінің бағыты кадр жүйесінде берілген біліммен анықталады.

Фреймдер әрекеттің қандай түрлері мүмкін екенін және жалпы қабылданған қағидалар (ережелер, заңдар, нормалар) әлеуметтік контексті талдау кезінде өзара әрекеттесетін тұлғалардың іс-әрекетін басшылыққа алу үшін не үшін қажет екенін анықтайды. Сөйтіп, фрейм деп стереотипті жағдайдағы әрекет схемасы, сондай-ақ коммуникация жағдайлары мен объектілерін сипаттайтын конвенционалды білім жүйесі түсініледі. Фреймдік бағыттың құрамдас бөлігі жағдаят туралы білімді фрейм түрінде тану болып табылады. Жағдаят туралы білімнің фреймдік танымының астарында адамның ситуация контекстіндегі әрекетінің қалыпқа түскен сипаттамасы жатады.

Жоғарыда талданған сценарийлер, фреймдер жүйесін ғалым Л.Н.Сидорованың: «Фрейм лингвистикалық бағдарланған ұғым, білімді тілдік жүзеге асыру факторы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл адамның сан алуан білімі мен тәжірибесін бір мағынаға жинақтайтын әмбебап құбылыс»[14, 54-58], – деген пікірімен тұжырымдауға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Білім мәдениеттің бөлігі ретінде бес жақты сипатта ескерілуде. Дәлірек айтсақ, білім – құндылық, білім – жүйе, білім – үрдіс, білім – нәтиже, білім – жоба. Осы білімнің бес қырын біртұтас қарастырғанда ғана бүгінгі тарихи кезеңге сай білімнің мәні ашылып, концепт туындайды, өрісі кеңейеді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушылары М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов әңгімелерінде ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі халықтың оқу мен білімге қатысты көзқарастары мен ұмтылыстары кеңінен суреттеледі. Жалпы қазақ халқы оқу-білімді жоғары бағалаған. Халық танымында білім – кемелділіктің, парасаттылықтың белгісі ретінде көрініс табады. Білімнің күші мен қуатына, биігі мен тереңдігіне ұлтымыз шүбә келтірмеген. Хат танитын адамды жоғары көтеріп, сөзін тыңдаған, айтқанына сенген. «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы», «Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен», «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады» деген мақал-мәтелдер ойымызға дәлел. Мұсылманша хат тану әр халықта әрқилы дәрежеде көрініс тапты. Қадым мектептері көбіне ауылда басым болды. Қазақ арасындағы қадым, ескіше оқу Бұқара, Қазан жағындағы мұсылманша оқудың үлгісі, тәртібі бойынша жүргізіліп келді. Оқыту ақысы халықтан жиналған, көбінесе заттай алынған. Оқудың осы түрі көптеген көркем шығармалар желісіне өзек болған.

Жалпы ұлттық концептіге актив қабат («әрбір мәдениет өкіліне тән киелі ұғым») енеді, ал жеке субмәдениеттер концептілік аясына («жеке мәдениет өкілдері үшін тән маңызды жанама белгісі») пассив қабат жатады, концептінің ішкі формасы («шынайы өмірде тек тілшілерге ғана түсінікті, алайда концептінің сырты құрылымын сипаттайтын белгісі») мәдениет иелерінің көпшілігі үшін концептінің бөлігі емес, оның детерминацияланған мәдени элементтерінің бірі.

Концептіні қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін тілдік деректер:

1. Сөздің тілдік мағынасын нақты бір концептіге қатысты айқындау;
2. Сөздің шығу төркінін анықтау;
3. Тілдің пареомологиялық және фразеологиялық қорында концептінің көрінуі мен суреттеу;
4. Концептінің ментальдік-когнитивтік құрылымын ұлттық реалияларды суреттеу мен айқындау арқылы таныту.

Демек, концепт мазмұны тілдің көмегі арқылы ашылады. Себебі концепт мазмұнын қайта жаңғыру кезінде тіл экстралингвистикалық сипаттағы тарихи фактілерді, мәдениетті, психологияны негізгі алып, дәстүрлі терминге айналған «концепт» атауы тіл білімінде қолданылып, терминдік жүйеде өзіндік мазмұнға ие болғанын атап өтуге болады.

Білім – адамның танымдық қабілеті арқылы игерген, меңгерген ғылымдардағы шеберлік мен тәжірибе жиынтығы; ақыл-ой, оқу арқылы алынатын мәлімет пен дағды. Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы», М.Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімелеріндегі «Білім» концептісіне қатысты тілдік бірліктердің когнитивтік қызметі:

а) «Білім» концептісінің мақал-мәтелдердегі көрінісі: *Ғылым – теңіз, білім – қайық; Білім – ырыс қазығы; Білімдіге – дүние жарық; Білегі күшті бірді жығады, Білімі күшті мыңды жығады.*

ә) «Білім» концептісінің тұрақты тіркестердегі көрінісі: *Білім көкжиегін кеңейту, білім нәрімен сусындау, білімнің шыңына жету, білім бұлағы, білімге бет бұру, білімнің жарығын жағу.*

«Білім» концептісі:

1. Дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай: контраст концепт

2. Концептілердің әртүрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай: калейдоскоптық концепт
 3. Тұлға не ұжымның концептіні тілдік таңбалармен объективтендіру шеберлігіне қарай: эстетикалық -позитивті танымда объективтенген концепт
 4. Концептілік құрылымның санада бейнелену деңгейіне қарай:
- «Білім» концептісінің фреймдік құрылымы төмендегідей жүйелеуге болады:
- ✓ *Біріншіден*, ақпарат пен мәлімет – фактілер, деректер, нақты ақпараттар жиынтығы ретіндегі білім;
 - ✓ *Екіншіден*, оқу мен үйрену процесі – білім алу, меңгеру, игеру әрекеті есебінде;
 - ✓ *Үшіншіден*, тәрбиелік және мәдени аспект – адамның рухани, мәдени дамуына ықпал ететін білім;
 - ✓ *Төртіншіден*, қолдану және тәжірибе – білімді практикалық жағдайларда пайдалану;
 - ✓ *Бесіншіден*, жүйеленген құрылым – білімнің логикалық, ұйымдастырылған формасы;
 - ✓ *Алтыншыдан*, даму мен жаңару – білімнің уақыт өте кеңеюі, жаңарып отыруы;
 - ✓ *Жетіншіден*, білім беру институттары – мектеп, университет сияқты білім беруші мекемелер;
 - ✓ *Сегізіншіден*, құндылық пен маңыздылық – білімнің адам өміріндегі рөлі, қоғамға әсері;
 - ✓ *Тоғызыншыдан*, субъект пен объект – білім алушы (адам), білім туралы ақпарат немесе пән;
 - ✓ *Оныншыдан*, білімнің түрлері – теориялық, практикалық, кәсіби, жалпы білім.

Ал «Білім» концептісінің ойсурет құрылымының жіктелуі:

1. *Ақпарат – нақты фактілер мен деректер, олар өңделмеген, мәні анықталмаған;*
2. *Ақпараттан білімге – ақпарат өңделіп, белгілі бір мағынаға ие болған;*
3. *Түсінік – ақпараттың мәнін және оның жүйесін түсіну, байланысты ұғыну;*
4. *Қолдану – алынған білімді практикалық жағдайда қолдану;*
5. *Қолдау және бағалау – білімнің дұрыстығын тексеру, салыстыру және қорытынды жасау ретінде айқындалады.*

«Білім» концептісі білімнің маңызды философиялық және практикалық мәнін ашып көрсетеді. Сонымен қатар білімнің құрылымдық негізін айқындап, оның дамуы мен қолданылуына бағыт береді. Негізгі өзекті мағына білімді тек ақпарат ретінде емес, адамның танымдық және тұлғалық өсуінің негізі ретінде сараланады. Білім концептілігінің негізгі мағынасы білімнің қоғамдағы ролін және адамның өмір сапасын арттырудағы маңызын айқындайды. Осылайша білімнің мәнін терең түсіну және оны тиімді пайдалану мүмкіндігі қарастырылады.

Ғалым Н.Болдыревтің концепт теориясы [15] негізінде «Білім» концептісіне концептуалдық талдау жасау негізделген болатын. Зерттеушінің көзқарасы бойынша, концепт– бұл адамның санасында тіл, ойлау және таным процесінде қалыптасатын ментальды құрылым. Бұл құрылым тіл арқылы көрінеді және мәдениетке, эмоцияға, когнитивті тәжірибеге негізделеді.

«Білім» концептісі келесі тілдік құралдар арқылы беріледі:

1. Лексикалық бірліктер – білім концептісі көбінесе «таным», «оқу», «ғылым» сияқты сөздер арқылы беріледі.
2. Фразеологизмдер – «білім нәрі», «білім көзі» секілді тұрақты тіркестер білімнің маңызын ерекше көрсетеді.
3. Метафоралар мен бейнелі сөздер – «білім – жарық», «ақыл– кілт» деген сияқты салыстыру арқылы білімнің мағынасы беріледі.

Көркем әдебиеттегі бейнелер: (Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы», М.Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімелері). Ассоциативтік өріс психоллингвистикалық эксперименттің бір түрі сауалнама негізінде жасалынады. Қазақ жастары үшін «Білім» концептімен байланысты

типтік ассоциациялар; табиғат образдары: Жарық (білім – шырақ), бұлақ (білім – бұлақ), күн (ақыл-ойдың көзі), көктем (жаңару), жел (таратушы), тау (биікке ұмтылу); эмоциялық ассоциациялар: Үміт, қорқыныш, таңдану, құрмет, ризашылық, ашу (Жұмағұл бейнесіне қатысты), әділет сезімі (Мейірхан), сенімсіздік (Ғ.Мүсірепов әңгімесіндегі шәкірттер). Сезімдер: Қуаныш (білім алған сәтте), үрей (молдадан оқу), сенім (білім – қорған), әділетсіздік (білімділердің зұлымдығы), ұмтылыс (оқуға деген).

Когнитивтік сипаттамалар: Жауапкершілік, парасаттылық, рухани ізденіс, моральдық таңдаулар, интеллектуалдық даму. Ғалым Н.Болдыревтің жіктелісіне сай, концепт бірнеше деңгейден тұрады. Олар: біріншіден, ядро – ақыл, парасат, сауат, оқу, таным, тәжірибе, құқықтық қорғаныш; екіншіден, периферея (айналасы): дүниеге көзқарас, әлеуметтік әділет, рухани тәрбие, ұлттық таным, мәдениет, адамгершілік, байлық, зұлымдық, адалдық; үшіншіден, білім тудыратын факторлар: отбасы тәрбиесі, қоғамдық орта, діни оқу (молдадан оқу), жәдитшіл мектептер, жеке ұмтылыс, мотивация, мемлекеттегі заң жүйесі, экономикалық қажеттілік; төртіншіден, білімнің көрініс формалары: хат тану, құқықтық сауат, әлеуметтік мобильділік, кәсіби қызмет, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылыс, дүниеқоңыздық (теріс формада), рухани парасаттылық (Мейірхан образы арқылы).


1-кесте. «Білім» концептісін көркем сценарий, фрейм, сцена түрінде репрезентациялау үлгісі:

Фрейм атауы	Құрамдас элементтер	Дәлел
Сауат ашу	Молда, шәкірт, кітап, қыс мезгілі	Ғ.Мүсірепов «Ананың анасы»
Білім – қорған	Қара тану, құқықты білу, өзін қорғау	Әйтiлес қарияның пікірі
Білімділер – зұлымдар	Жұмағұл, заң, дүние, қорғансыз ана	М.Әуезов «Оқыған азамат»
Білім – адамгершілік	Мейірхан, әділет, адалдық, досқа адалдық	М.Әуезов әңгімесіндегі позитив кейіпкер
Білім – құндылық / нәтиже	Қызмет, рухани ізденіс, мәдени сана	Қазақ мақал-мәтелдері, «білім – шырақ»

Концепт түрі – контрасті концепт десек, ондағы оң образдар: Мейірхан, Әйтiлес; теріс образдар: Жұмағұл, молда (надан). Ал «Білім» = рухани құндылық+әлеуметтік күш немесе → «Білім» = билік құралы + зұлымдық құралы (Жұмағұл образы арқылы). «Білім» концептісі – контраст концепт, ол рухани құндылық пен әлеуметтік құбылмалы құрал ретінде танылады. Оның құрылымы ретінде ядро: парасат, таным, рух, фреймдер: оқу процесі, заң тану, мәдени ұстаным, әділет; сценарийлер: Сауат ашу → Білім алу → Әділетті немесе зұлым қоғам мүшесіне айналу; сцена: 1) Молдадан оқу, 2) Әйтiлес көзқарасы, 3) Жұмағұл зұлымдығы, 4) Мейірхан әділеттілігі; ассоциативтік өріс: эмоция, сезім, когнитивтік күй, мәдени таным ретінде көрініс табады.

Бүгінгі күні Қазақ тілінің ұлттық корпусына назар салсақ, білім концептісінің аясының кеңейгендігі байқаймыз. Негізгі корпуста білім сөзіне қатысты 19477, диалектіліктілік ішкі корпуста – 3, мәдени-репрезентативті ішкі корпуста – 1817, терминологиялық ішкі корпуста – 5726, оқу ішкі корпусында – 34, мақал-мәтелдерде – 26, тарихи ішкі корпуста – 83, параллель корпуста – 31 мысал келтірілген. Келтірілген мысалдарды саралап талдау барысында төмендегідей аймақтарды анықтауға болады:

1-сурет. Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы «білім» концептісіне берілген ассоциативтік өріс



Қарапайым тілдік санада білім: оқу материалы, ақпарат, пайдалы дүние, инструмент, қозғаушы күш, кітап, оқыту жүйесі, ұстаз бен шәкірт, болашақ, мектеп, жоғары білім, мамандық, үйреніс, талпыныс, түсіністік, ұмтылыс, жол, ғылым бастауы, пайым, университет, ұйқысыз түн, қайнар бұлақ, ізденіс, IQ, еңбек, сана, тәжірибе, зейін, қазына, білік, үздіксіз даму, мүмкіндік, ішкі қару, бос құмыра, рухани ілім, азық, таным, құндылық, инновация, оқу, ақша, жан-жақты білім алу, оқу, жетілу, болашаққа кілт, өмір жалғасы.

2-кесте. «Білім» концептілерінің тақырыптық жіктелуі

№	Тақырыптық топ	Құрамына кіретін концептілер
1	Институционалдық орта	Мектеп, университет, жоғары білім, оқыту жүйесі, ұстаз бен шәкірт, оқу материалы.
2	Зияткерлік қор	Сана, зейін, IQ, таным, пайым, түсіністік, білік, тәжірибе, жан-жақты білім алу.
3	Табандылық	Ізденіс, үйреніс, талпыныс, ұмтылыс, еңбек, ұйқысыз түн, үздіксіз даму, жетілу, оқу.
4	Прагматикалық нәтиже	Болашақ, болашаққа кілт, жол, мамандық, ақша, мүмкіндік, өмір жалғасы, инновация.
5	Құндылық	Рухани ілім, құндылық, қазына, қайнар бұлақ, ғылым бастауы, азық, бос құмыра.
6	Функционалдық қолданыс	Инструмент, ішкі қару, қозғаушы күш, ақпарат, пайдалы дүние, кітап.

Берілген статистикалық деректерді саралай келе, «білім» концептісінің аясының кеңейгені байқалады. Әрі жағымды (болашақ, арман, шырақ) және жағымсыз (зұлымдық, пайдакүнемдік, құнсыздық, қараңғылық, бос құмыра) коннотациялардың мәндері айқындалады. «Білім» концептісінің Қазақ тілінің ұлттық корпусында – 22, жазушылар тілінде – 5, қарапайым білім деңгейінде – 46 перефериялық аймағы анықталды.

3-кесте. «Білім» концептісінің салыстырмалы ассоциативтік өрісі

№	Салыстырылған нысандар	Айырмашылық	Ортақ сипат
1	М.Әуезов және Ғ.Мүсірепов әңгімелері	Сауат ашу, қорған, зұлымдық, адамгершілік, -, -, -, -, -, -, -.	Құндылық
2	Қазақ тілінің ұлттық корпусы	Сауат ашу, қорған, зұлымдық, адамгершілік, -, -, -, -, -, -, теңіз,	Құндылық

		ұстаз, ағартушы, мекеме, уақыт, күнсыздық, бәсекелестік	
3	Қарапайым сана деңгейі	–, –, –, –, ақпарат, инструмент, жоғары білім, IQ, инновация, бұлақ, құдық, бос құмыра, –,-,-.	Құндылық

Зерттеу нәтижесінде «білім» концептісі ұлттық құндылық ретінде өміршеңдігін жоймайтындығын сараптау материалдары арқылы анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылайтын болсақ, М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі «Білім» концептісінің адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты бағалаушы, сипаттаушы ретіндегі мағынасы анықталады. Салыстырмалы талдау негізінде:

1. М.Әуезовтің «Оқыған азамат», Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімелеріндегі «Білім» концептісі талданды;
2. «Білім» концептісінің «оқыған азамат» мағынасының өзгеруі, себептері қарастырылды;
3. «Білім» концептісінің шығармалар негізінде концептілік талдау арқылы фреймдері, сценарий, сцена, перифериялық өрісі анықталды;
4. «Білім» концептісінің құрылымы анықталып, ішкі формасы, терең мағынасы қарастырылды.

Аталған шығармаларда «білім» ұғымы тек оқу, сауат ашу деңгейінде шектелмей, образдың адами бейнесін, қоғамдық позициясын, рухани ұстанымдарын айқындайтын концепт ретінде көрініс береді. «Білім» концептісінің ассоциативтік өрісінде үміт, қорқыныш, әділет, әділетсіздік, рухани ізденіс сияқты сезімдер мен эмоциялар кеңінен ұштасады. Бұл ұғыммен байланысты фреймдер жүйесі білімді адамның қоғамдағы рөліне, жеке басының қасиеттеріне, қоғаммен қарым-қатынасына негізделген.

Ғалым Н.Болдырев ұсынған үлгі негізінде концептінің құрылымын талдау барысында оның ядросында таным, парасат, әділет, рухани кемелдік сияқты негізгі белгілердің орналасқаны, ал перифериясында әлеуметтік мәртебе, қызмет, дүниеқоңыздық, тұлғалық қайшылықтар секілді қосалқы элементтердің бар екендігі анықталды. Бұл көркем мәтінде ұсынылған *білім* концептісінің контрасті сипатқа ие екенін дәлелдейді.

Жалпы көркем дискурстағы «Білім» концептісі – ұлттық дүниетаным мен қоғамдық құбылыстың тығыз байланысқан нысаны ретінде тілдік бейнеде эмоциялық- құндылық маңызы зор құрылымға айналады. Ол халықтың өмір сүру тіршілігімен, дүниетанымымен, мәдени кодымен тығыз байланыста дамиды. Осыған орай көркем әдебиеттегі концепті когнитивтік - фреймдік модельде қарастыру – ұлттық танымды пайымдай білудің тиімді амалдарының бірі ретінде анықталады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын АР 26100629 «Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі (қазақ, түрік, ағылшын тілдерімен салыстырмалы аспектіде көркем шығармалар тілінің материалы негізінде)» тақырыбындағы грант жобасы негізінде жазылды.

Мақаланы жазу барысында техникалық реттеу мақсатында мәтінді реттеу және генерациялауда ChatGPT, әдебиеттерді реттеу кезінде EndNote жасанды интеллект құрылғылар қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қалиев Ф.Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.
- 2 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. док. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 54 б.
- 3 Javliyev M. The Importance of Concept as an Object of Linguistic Research//World Bulletin of Social Sciences, 2024. Т.35. – 16-19 p.
- 4 Гришаева Л. И. Введение в теорию межкультурной коммуникации. Воронеж: Воронежский гос. ун-т. 2004. – 237 с.
- 5 Джамбаева Ж.А. Концепт «государство» в языковом сознании представителей тюркоязычных социумов/ Джамбаева Ж.А. // Молодой учёный. – 2010. – № 5 (16). – С. 21–24.
- 6 Стернин И. А. Коммуникативті және когнитивті сана. - Мәскеу, Воронеж.2002. – 44-51 Б.
- 7 Minsky M. Unified theories of cognition// Artificial Intelligence 59 (1-2), 1993. – 72 p.
- 8 Мүсірепов Ф. Қазақ әйелі: Роман және әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1982. – 416б.
- 9 Дейк Т. Ван. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва, 1989.
- 10 József A. Discussing frame semantics: The state of the art: An interview with Charles J. Fillmore//Review of Cognitive Linguistics. Published under the auspices of the Spanish Cognitive Linguistics Association, Volume 8, Issue 1, Jan 2010, p. 157 – 176.
- 11 Ivashkevich I. Frame as representation of knowledge in the cognitive aspect, 2015// Russian Journal of Linguistics, Т 19, №3,77–81 p.
- 12 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014. 2-том: әңгіме, зерттеулер, пьесалар. 1921–1925. – 480 б.
- 13 Әмірбекова А. Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы: Аманат-ТТ, 2006. – 125 б.
- 14 Сарыпбекова С. Фреймдер және оларды құрылымы әр түрлі тілдер жұбында аудару//Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ ХАБАРШЫСЫ,1 (56) 2020, 54-58 бб.
- 15 Болдырев Н. Н Концептуальное пространство когнитивной лингвистики. / Болдырев Н. Н. // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2004. – № 1. –С.18-37

Материал 28.12.2025 баспаға түсті

Репрезентация концепта «знание» как духовной ценности в казахских рассказах

О.А. Жумагулова¹, Н.К. Смагулова¹, Г.С. Бокен¹, * Г.Т. Тлеубердина¹

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

В данной статье рассматривается концепт «Знание» в казахской литературе в лингвокогнитивном аспекте. Исследование направлено на раскрытие художественно-когнитивного образа концепта «Знание» в произведениях М.Ауэзова и Ф.Мусрепова. Концепт «Знание» описывается как ментальная модель через фреймы, сцены и сценарии. В литературных текстах знание выступает не только источником познания, но и инструментом борьбы с социальным неравенством. Например, в рассказе Ф.Мусрепова «Ананың анасы» стремление к грамотности представлено как механизм социальной защиты. В рассказе М.Ауэзова «Оқыған азамат» образ образованного человека проявляется через различные моральные качества. Концепт «Знание» обладает контрастным характером – образованный человек может быть одновременно справедливым и жестоким. С помощью фреймового анализа подробно выявляются участники события, их роли и действия. Концепт исследуется в тесной связи с языковым, культурным и социальным содержанием. В результате исследования глубже раскрывается место знания в национальном мировоззрении и его отображение в художественной литературе.

Ключевые слова: знание, концепт, лингвокогнитивный анализ, литературный текст, художественная репрезентация, национальное мировоззрение, культурные ценности, фрейм, сцена, сценарий.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Калиев Г. Толковый словарь лингвистических терминов. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 с.
- 2 Ислам А. Языковая картина мира в контексте национальной культуры (сопоставительно-типологический лингвокультурологический анализ): автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Алматы, 2004. – 54 с.
- 3 Javliyev M. The Importance of Concept as an Object of Linguistic Research//World Bulletin of Social Sciences, 2024. Т.35. – 16-19 p.
- 4 Гришаева Л. И. Введение в теорию межкультурной коммуникации. Воронеж: Воронежский гос. ун-т. 2004. – 237 с.
- 5 Джамбаева Ж.А. Концепт «государство» в языковом сознании представителей тюркоязычных социумов/ Джамбаева Ж.А. // Молодой учёный. – 2010. – № 5 (16). – С. 21–24.
- 6 Стернин И. А. Коммуникативное и когнитивное сознание. – Москва, Воронеж, 2002. – С. 44-51.
- 7 Minsky M. Unified theories of cognition// Artificial Intelligence 59 (1-2), 1993. – 72 p.
- 8 Мусрепов Г. Казахская женщина: Роман и рассказы. – Алматы: Жалын, 1982. – 416 с.
- 9 Дейк Т. Ван. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва, 1989.
- 10 József A. Discussing frame semantics: The state of the art: An interview with Charles J. Fillmore//Review of Cognitive Linguistics. Published under the auspices of the Spanish Cognitive Linguistics Association, Volume 8, Issue 1, Jan 2010, p. 157 – 176.
- 11 Ivashkevich I. Frame as representation of knowledge in the cognitive aspect, 2015// Russian Journal of Linguistics, Т 19, №3,77–81 p.
- 12 Ауэзов М. Полное собрание сочинений в пятидесяти томах. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. Т. 2: Рассказы, исследования, пьесы. 1921–1925. – 480 с.
- 13 Амирбекова А. Б. Особенности вербализации концептуальных структур в поэтическом тексте: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы: Аманат-ТТ, 2006. – 125 с.
- 14 Сарыпбекова С. Фреймы и их перевод в парах языков с различной структурой // ВЕСТНИК КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 1 (56) 2020, С. 54-58
- 15 .Болдырев Н. Н Концептуальное пространство когнитивной лингвистики. / Болдырев Н. Н. // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2004. – № 1. –С.18-37

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

Representation of the concept of "knowledge" as a spiritual value in kazakh stories

O. Zhumagulova¹, N. Smagulova¹, G. Boken¹, *G. Tleuberdina¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

This article examines the concept of "Knowledge" in Kazakh literature from a linguocognitive perspective. The study aims to reveal the artistic-cognitive image of the concept of knowledge in the works of M. Auezov and G. Musrepov. The concept of "Knowledge" is described as a mental model through frames, scenes, and scripts. In literary texts, knowledge is not only a source of cognition but also a tool against social inequality. For example, in G. Musrepov's story "Ananyn anasy," the pursuit of literacy is depicted as a mechanism of social protection. In M. Auezov's story "Okygan azamat," the image of an educated person is portrayed with various moral qualities. The concept of "Knowledge" has a contrasting nature — a knowledgeable person can be both just and cruel. Frame analysis clearly reveals the participants of the event, their roles, and actions. The concept is studied

in close connection with linguistic, cultural, and social content. As a result, the place of knowledge in the national worldview and its representation in artistic literature is more deeply clarified.

Key words: knowledge, concept, linguocognitive analysis, literary text, artistic representation, national worldview, cultural values, frame, scene, script.

REFERENCES

- 1 Kaliyev, G. T. (2005). *Dictionary of linguistic terminology*. Almaty: Sozdik-Slovar. (in Kazakh)
- 2 Islam, A. (2004). *The linguistic image of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural analysis)* (Doctoral dissertation abstract). Almaty. (in Kazakh)
- 3 Javliyev, M. (2024). The importance of concept as an object of linguistic research. *World Bulletin of Social Sciences*, 35, 16–19.
- 4 Grishaeva, L. I. (2004). *Introduction to the theory of intercultural communication*. Voronezh: Voronezh State University. (in Russian)
- 5 Dzhambaeva, Zh. A. (2010). The concept of "state" in the linguistic consciousness of Turkic-speaking communities. *Molodoy Ucheniy*, (5(16)), 21–24. (in Russian)
- 6 Sternin, I. A. (2002). *Communicative and cognitive consciousness*. Moscow-Voronezh. (in Russian)
- 7 Minsky, M. (1993). Unified theories of cognition. *Artificial Intelligence*, 59(1-2), 1–72.
- 8 Musirepov, G. (1982). *Kazakh woman: Novel and stories*. Almaty: Zhalyn. (in Kazakh)
- 9 Van Dijk, T. (1989). *Language, cognition, communication*. Moscow. (in Russian)
- 10 József, A. (2010). Discussing frame semantics: The state of the art: An interview with Charles J. Fillmore. *Review of Cognitive Linguistics*, 8(1), 157–176.
- 11 Ivashkevich, I. (2015). Frame as representation of knowledge in the cognitive aspect. *Russian Journal of Linguistics*, 19(3), 77–81.
- 12 Auezov, M. (Ed.). (2014). *Complete collection of works in fifty volumes* (Vol. 2: Stories, studies, plays, 1921–1925). Almaty: Daur, Zhibek Zholy. (in Kazakh)
- 13 Amirbekova, A. B. (2006). *Peculiarities of verbalization in poetic texts of conceptual structures* (PhD dissertation). Almaty: Amanat-TT. (in Russian)
- 14 Sarypbekova, S. (2020). Frames and their translation in language pairs with different structures. *Bulletin of Kazakh University of Humanities and Technology*, 1(56), 54–58. (in Kazakh)
- 15 Boldyrev, N. N. (2004). Conceptual space of cognitive linguistics. *Questions of Cognitive Linguistics*, (1), 18–37. (in Russian)

Received: 28.12.2025

МРНТИ 17.81.31

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp96-110](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp96-110)

Г.Ж. Искакова¹, *Ә.М. Өскен¹, Т.Б. Жунусова¹, Ж.К. Жаналыкова¹

¹Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАНЫМДЫҚ КОМИКСКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ («КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде фольклорлық мұраны заманауи визуалды коммуникация тіліне көшірудің ғылыми-әдістемелік және лингво-филологиялық тетіктері зерделенеді. Мақалада Ювал Ноа Хараридің «Sapiens: A Graphic History» графикалық романындағы когнитивті адаптация принциптерін негізге ала отырып, қазақ халық ертегісінің визуалды-семантикалық деңгейде бейімделу мүмкіндіктеріне талдау жасалады. Жұмыс барысында лингвостилистикалық сараптама, контенттік талдау және